

Абай облысы ДСБ
«Д. Қалматаев атындағы мемлекеттік жоғарғы медицина колледжі»
ШЖҚ КМК
Әкімшілік кеңестің
№ 25 ХАТТАМАСЫ

04.04.2025 ж.

Қатысқандар:

Токтаров Е.Н. – колледж директоры
Нурғалиева Г.Т. – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
Ульбауова А.М. - директордың оқу-өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары
Тулумгужинова Г.Р.- директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі басшысы
Оспанова Н.А. – бас бухгалтер
Какенова А.К. – әдіскер
Медетова Г.Е.- әдіскер
Муздыбай Г.А. - бөлім меңгерушісі
Койшыбаева С.Т. – бөлім меңгерушісі
Ахметова Г.С. – бөлім меңгерушісі
Шукирханов М.Г. – АТ бөлім бастығы
Мажакеева Н. К. – оқу бөлімінің меңгерушісі
Куанышбаева Д.Р. - кәсіптік бағдар беру және жұмысқа орналастыру бойынша жауапты маман

Тындалды:

1. Бірінші сұрақ бойынша:

Бөлім меңгерушісі – Қойшыбаева С.Т.– «Емдеу ісі» мамандығы бойынша III Емдеу ісі «В» (ББ-024) тобының білім алушысы Шамина М (№166-с 01.04.2025 ж.) академиялық үлгермегені және себепсіз сабақты босатқаны үшін оқудан шыққанын атап өтті. Босаған бюджеттік орынға III курс «Емдеу ісі» мамандығы бойынша жалғастырушы орыс тобынан үміткерлердің болмауына байланысты, қазақ тобынан үміткерлерді ұсынды. Коммерциялық негізде III курс Емдеу ісі «Д» тобында оқитын білім алушылар:

1. Вагнер Сабина Павловна – толық отбасы, отбасында 5 бала, кәмелеттік жасқа толмаған 2 бала. Анасы - жұмыссыз, әкесі - зейнеткер. Орта балл – 4,3.
2. Ахметсафина Айдана – толық отбасы, отбасында 2 кәмелеттік жасқа толған бала. Анасы – мектеп асханасында, әкесі – жалдамалы жұмысшы. Орта балл – 4,3.
3. Қайратұлы Нұрасыл – толық отбасы, отбасында 3 бала, екеуі кәмелеттік жасқа толмаған. Анасы – жұмыссыз, әкесі – қала сыртында вахталық жұмыс. Орта балл – 4,3.
4. Құдайберген Аяулым Біржанқызы – толық отбасы, отбасында кәмелеттік жасқа толмаған 5 бала. Анасы – наубайшы, әкесі – күзетші. Орта балл – 4,3.

5. Қайсанова Аяулым Дюсенқызы – толық отбасы, отбасында 3 бала, кәмелеттік жасқа толмағаны 2. Анасы мен әкесі жеке қожалықтары бар. Орта балл – 4,3.
6. Әрінов Мұрагер Исаұлы – толық отбасы, отбасында 4 бала, кәмелеттік жасқа толмағаны 2. Анасы – медбике болып жұмыс жасайды, әкесі жұмыссыз. Орта балл – 4,3.
7. Қабиденова Нұрай Ермекқызы – толық отбасы, отбасында 2 бала, кәмелеттік жасқа толмағаны 1. Анасы – дүкенде сатушы болып, әкесі темір жолда монтер болып қызмет атқарады. Орта балл – 4,3.

Бөлім меңгерушісі –Муздыбай Г.А. аталған білім алушылардың арасынан Құдайберген А.Б. көп балалы отбасынан, оның ішінде барлығы кәмелеттік жасқа толмағандығын ескеріп, сол білім алушыны таңдауды ұсынды.
Бөлім меңгерушісі –Сериккалиева Д.С. үміткерлердің өткен семестр бойынша сынақ кітапшаларын салыстыра отырып, «Өте жақсы» бағалар саны басым болғандықтан екінші үміткер ретінде Вагнер Сабинаны таңдауды ұсынды.

Қаулы:

Бөлім меңгерушісі – Қойшыбаева С.Т. «Емдеу ісі» мамандығы бойынша бос бюджеттік орынға студентті ауыстыру туралы ақпараты ескерілсін. Әкімшілік кеңес мүшелері барлық үміткерлердің орта балдары бірдей болғандықтан, әлеуметтік жағдайы бойынша көп балалы отбасынан шыққан білім алушы - Құдайберген Аяулым Біржанқызы және оқу үлгерімі бойынша Вагнер Сабина Павловнаға таңдау жасалынды. Таңдау жасалған екі білім алушылар үшін әкімшілік кеңес мүшелері арасында дауыс беру жүргізілді. Дауыс берудің нәтижесінде, барлығы 14 дауыстың 10-ы Вагнер Сабинаға, ал қалған 4-і Құдайберген Аяулымға берілді. Әкімшілік кеңес мүшелерінің басым бөлігінің шешімі негізінде, Вагнер Сабина ББ-024 бағдарламасы бойынша босаған бюджеттік орынға ауыстырылсын, оқуын сол 3 лд «Д» тобында жалғастырсын және 2025 жылдың 04 сәуірінен бастап шәкіртақы тағайындалсын.

Хатшы



Сериккалиева Д.С.